



**Казахский национальный университет имени аль-Фараби**

**Al-Farabi Kazakh national university**

**Юридический факультет**

**Faculty of law**

**Кафедра уголовного права, уголовного процесса и криминалистики**

**Department of criminal law, criminal procedure and criminalistics**

**МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-практической конференции  
«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ, МЕХАНИЗМЫ И  
СРЕДСТВА ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ПРЕСТУПНОСТИ»  
(Ежегодные Джакишевские чтения)**

**MATERIALS**

**of International scientific and practical conference on subject:  
«MODERN TECHNOLOGIES, MECHANISMS AND  
MEANS OF COUNTERACTION OF CRIME»  
(Annual Dzhakishev readings)**

**19 апреля 2013 г.**

**19 April, 2013**

УДК \_\_\_\_\_  
ББК \_\_\_\_\_

**Ответственные редакторы:**

Д.ю.н., профессор, заведующий кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Казахского национального университета имени аль-Фараби

**Р.Е. Джансараева**

Кандидат юридических наук, доцент **А.Д. Байсалов**

Магистр юридических наук, ассистент **Л. Бисенғали**

**Editor-in-chiefs:**

Doctor of Law, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Head, Chair of Criminal Law, Criminal Process and Criminalistics **R.Ye.Dzhansarayeva**

Candidate of jurisprudence, associate professor **A.D.Baysalov**

Master of jurisprudence, assistant **L.Bisengali**

*Рекомендовано к выпуску Ученым Советом юридического факультета  
КазНУ имени аль-Фараби*

*It is recommended for the edition by the Academic Council of faculty law of the  
al-Farabi Kazakh national university*

Материалы международной научно-практической конференции «Современные технологии, механизмы и средства противодействия преступности» (Ежегодные Джакишевские чтения). – Алматы: Казак университеті, 2013. – 187 с.

Materials of International scientific and practical conference on subject: "Modern technologies, mechanisms and means of counteraction of crime" – Almaty: Kazakh University, 2013. – 187 p.

ISBN \_\_\_\_\_

Scientific reports of participants of the international scientific and practical conference are presented in the collection " Modern technologies, mechanisms and means of counteraction of crime " is organized by chair of criminal law, criminal procedure and criminalistics of Al-Farabi Kazakh National University on April 19, 2013.

ISBN \_\_\_\_\_ © Коллектив авторов, 2013

© КазНУ имени аль-Фараби

*Избасова А.Б.  
Магистр права, старший преподаватель  
кафедры уголовного права,  
уголовного процесса и криминалистики  
юридического факультета  
КазНУ имени аль-Фараби*

*Арын А.А.  
Магистр права, ассистент  
кафедры уголовного права,  
уголовного процесса и криминалистики  
юридического факультета  
КазНУ имени аль-Фараби*

## **ПРЕСТУПЛЕНИЯ, РАССМАТРИВАЕМЫЕ В ПОРЯДКЕ ЧАСТНОГО ОБВИНЕНИЯ И ОСНОВАНИЯ ИХ ВЫДЕЛЕНИЯ В ОСОБУЮ ГРУППУ**

**Аннотация.** Частное обвинение является одной из форм уголовного судопроизводства. В отличие от публичного обвинения, когда уполномоченные органы в случае обнаружения преступления должны принять все предусмотренные законом меры для установления обстоятельств совершения преступления, лиц, совершивших преступление, и наказание, дела частного обвинения возбуждаются только по жалобе потерпевшего и подлежат прекращению в случае примирения его с обвиняемым. Если потерпевший является несовершеннолетним или лицом, которое в силу своих психических или физических недостатков самостоятельно не могут защитить свои интересы, может подать жалобу его законный представитель.

**Ключевые слова:** частный обвинитель, потерпевший, уголовное дело, общественная опасность.

*Izbassova A.B.  
Master of Laws  
Senior teacher of chair of criminal law,  
criminal process and criminalistics  
Al-Farabi Kazakh National University*

*Aryn A.A.  
Master of Laws  
Assistant of chair of criminal law,  
criminal process and criminalistics  
Al-Farabi Kazakh National University*

## **CASES OF PRIVATE PROSECUTION AND THE GROUNDS OF THEIR DIVISION INTO DIFFERENT GROUPS**

**Abstract.** Private prosecution is a form of criminal proceedings. In contrast to the public prosecution, when authorized to conduct the process bodies detection of a crime must take all

legal measures to establish the circumstances of the crime, the perpetrators of the crime, and punishment.

Cases of private prosecution instituted only upon the complaint of the victim and are subject to termination in the event of his reconciliation with the accused. If the victim is a minor or a person who, because of their mental or physical defects alone can not protect their interests, may file a complaint with his legal representative.

**Keywords:** private prosecution, the victim, criminal, public danger.

## **ЖЕКЕ АЙЫПТАУ ТӘРТІБІ БОЙЫНША ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЕРЕКШЕ ТОПҚА БӨЛУДІҢ НЕГІЗДЕРІ**

Әрекет етуші ҚР ҚДЖК-нің 33-бабына сәйкес жеке айыптау тәртібімен денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚР ҚК-нің 111-бабы), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК-нің 123-бабы), жала жабу (ҚР ҚК-нің 129-бабы), қорлау (ҚР ҚК-нің 130-бабы), балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару (ҚР ҚК-нің 136-бабы), еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан әдейі жалтару (ҚР ҚК-нің 140-бабы), жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу (ҚР ҚК-нің 142-бабы), дәрігерлік құпияны жария ету (ҚР ҚК-нің 144-бабының бірінші және екінші бөліктерінде), тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу (ҚР ҚК-нің 145-бабының бірінші бөлігінде), бетен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК-нің 188-бабы), көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қағидаларды бұзу (ҚР ҚК-нің 300-бабының бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жеке түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ұзақ уақыт бойы жеке айыптауды қолдану саласының оңтайлы шектері туралы мәселе қылмыстық іс жүргізудегі даулы мәселелердің бірі болып келеді. Бұл мәселе бойынша түрлі көзқарастар айтылған болатын: кейбір ғалымдардың айтуынша жеке айыптау тәртібімен қудаланатын қылмыс құрамдарының санын көбейту керек, ал екіншілері болса мұндай қылмыстардың саны негізсіз көп және оларды қысқарт керек деген болатын.

Жеке айыптау тәртібімен қудаланылатын қылмыстар тізімі қандай болуы керек? Бұл сұраққа жауап, біздің ойымызша, белгілі бір қылмысты жеке айыптау тәртібімен қудаланылатындар қатарына жатқызуға ненің негіз болып табылғандығына тікелей байланысты.

Процессуалист-ғалымдар қарастырылып отырған мәселеге арналған өз еңбектерінде қылмыстардың жеке айыптау тәртібімен қудаланылатындар қатарына жатқызылуының түрлі негіздерін көрсеткен болатын.

Іс жүзінде барлық зерттеушілер қылмыстарды жеке айыптау тәртібімен қарастырылатындар қатарына жатқызу негіздерінің бірі ретінде жария айыптау қылмыстарымен салыстырғанда бұлардың қоғамға қауіптілігінің төмендігін көрсеткен.

Заң әдебиеттерінде қоғамға қауіптіліктің өзі былай түсіндіріледі. В.Н.Кудрявцевтің көзқарасы бойынша, «қылмыстық әрекеттердің қауіптілігі олардың мемлекетке келтірген немесе келтіруі мүмкін зардабынан тұрады» [1]. Н.Ф.Кузнецова «әрекеттің қоғамға қауіптілігі олардың әлеуметтік қоғамдық қатынастарға зиян келтіруі немесе зиян келтіру қаупін тудыруынан көрініс табады», деп көрсеткен болатын [2]. О.Ф.Шишовтың көзқарасы бойынша қоғамға қауіптілік әлеуметтік қоғамдық қатынастарға қарсы бағытталған тұлға әрекетінің негізгі мазмұны, объективті әлеуметтік құбылыс ретінде түсініледі [3]. Қазіргі таңда қатынастардың әлеуметтік сипатына сілтеме жасау артық болатындықтан, қылмыстың қоғамға қауіптілігі оның қоғамдық қатынастарға келтіретін немесе келтіруі мүмкін зардабында деген қорытынды шығаруға болады. Бұл ретте қылмыстық құқық ғылымы да, қылмыстық заңнама да қоғамға қауіптіліктің сандық және сапалық тұстарын бөліп көрсеткен болатын. ҚР қылмыстық кодексінің 52-бабында жаза

тағайындаудың жалпы негіздері көрсетілген. Соған сәйкес жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі ескеріледі. Бұл ретте қоғамға қауіптіліктің сипатын қылмыстың сапалық сипаты ретінде, ал қоғамға қауіптілік дәрежесін сандық сипаты ретінде қарастыру қалыптасқан. Қоғамға қауіптілік деңгейінің төмендігі – бұл заң шығарушының қандай қылмыстардың жеке айыптау тәртібімен қудалануға жатқызылатындығы мәселесін шешу кезінде басшылыққа алынатын жалғыз негіз емес. ҚР қылмыстық кодексінде өздірінің қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесі бойынша онша ауыр емес қылмыстар санатына жатқызылатын қылмыстар баршылық. Осылайша, қоғамға қауіптілік дәрежесінің төмендігімен қатар, жеке айыптау тәртібімен қудаланылатын қылмыстарға тән кем дегенде тағы ба бір ерекшеліктің болуы тиіс. Көптеген авторлардың пікірінше адамдардың әрекеттеріндегі қылмыс құрамы мен әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау жәбірленушінің субъективті көзқарасын ескермей анықтау қиынға соқтырады. Өйткені жәбірленуші басқаларға қарағанда өзіне қатысты жасалған әрекеттің сипаты мен себебі туралы көбірек хабардар. В.С.Маслов кеңестік қылмыстық іс жүргізуде жеке айыптаудың болуының қажеттілігін негіздей отырып, жеке айыптау тәртібімен қудаланылатын қылмыстың қоғамға қауіптілігін анықтауда өзіне қатысты жасалған қылмысқа тұлғаның субъективтік қарым-қатынасын, яғни жасалған әрекетті жәбірленушінің қалай қабылдағандығын ескеру қажет екендігін айтқан болатын [4].

Әрекетті бағалау кезінде жәбірленуші реакциясының маңызы туралы Я.О.Мотовиловкер де айтқан болатын [5]. Іс жүргізушілік әдебиеттерде аталған ережені мысалмен сипаттауда Листтің мына сөздері көптеп келтірілген болатын: «Қыз балаға қатысты айтылған бір сөз еркелету ретінде де, балағаттау ретінде де қабылдануы мүмкін». Бұл ретте А.Н.Тайториннің «жала жабу қылмыс құрамының болуы үшін бір ғана балағаттау сөзінің айтылуы жеткіліксіз, яғни қылмыс құрамы болуы үшін жәбірленуші өзінің жеке қадір-қасиетінің кемсітілгендігін ұғынуы, азап шегуі талап етіледі», деген пікірін еске түсірген жөн.

Жоғарыда айтылғандар жала жабу кезінде қылмыстың болған-болмағандығын анықтау үшін жәбірленушінің пікірінің қажет екендігін растайды. Жәбірленушінің арыз беру арқылы қылмыстық істі қозғатуға, сонымен қатар айыпталушымен татуласуына байланысты қылмыстық істі тоқтатуға құқығының болуы жеке айыптау тәртібі бойынша қудаланатын қылмыстарға тән ерекшеліктің бірі болып табылады. Сондықтан заң азаматтарға аталған түрдегі дауларды мемлекеттік органдардың қатысуынсыз шешуге мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндік жәбірленушінің қылмыстық істі қозғау туралы арыз бергеннен кейін де сақталады. Бұл негізгі мақсат пайда болған дауды шешу қажеттілігімен түсіндіріледі. Егер жәбірленуші мен айыпталушы татуласып, олардың арақатынасы нормаға келген болса, тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тартудың қажеттілігі болмайды. Ал сот талқылауы бұл адамдар арасындағы қатынасты одан әрі ушықтырып жіберетіндіктен іс бойынша сот өндірісі тараптардың бітімгершілік келісімге келуі бойынша қысқартылуға жатады.

Сөйтіп, процессуалистердің қылмыстарды жеке айыптау тәртібімен қудаланатын қылмыстар қатарына жатқызуларының негіздерін талдай келе көп жағдайда олар төмендегілерді көрсетеді:

1. Бұл санаттағы қылмыстардың қоғамға қауіптілігінің төмендігі. Жеке айыптау тәртібімен қудаланатын істердің ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатпайтындығы жалпыға мәлім. Егер қандай да бір әрекеттің қоғамға қауіптілігі айтарлықтай жоғары болса, онда оның қудалануы жәбірленушінің ерік білдіруіне байланысты болмайды;

2. Қылмыстық қол сұғушылықтың тікелей объектісінің ерекшелігі (абырой, ар-намыс, адамның денсаулығы және т.б.) Аталған жағдай бойынша Н.Н.Ковтун былай деген: «іс жүзінде «мемлекет-қылмыскер» емес «жәбірленуші-қылмыскер» деген субъекттік құрам бойынша қылмыстық-құқықтық қатынас пайда болады».

3. Әрекеттің қоғамға қауіптілігін ғана емес басқа да мән-жайларды анықтаудың қиындығы. Көптеген жағдайларда жәбірленушінің субъективтік еркін ескермей қылмыс құрамын анықтау мүмкін болмай жатады. Бұл мәселеге байланысты В.В. Дорошков былай деген болатын: «Айтылғандардан жеке айыптау тәртібімен қудаланылатын істер бойынша әрекеттің қылмыстылығы жәбірленушімен анықталады деп түсінге болмайды. Жасалған әрекетке деген жәбірленушінің субъективтік қатынасын ескеру кейбір әрекеттің іс жүзіндегі қоғамға қауіптілігін анықтауға жәрдемдеседі. Сондықтан жәбірленушінің еркіне қарсы басқа адамдардың арызы бойынша қылмыстық істі қозғау басқа адамдарды негізсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға әкеліп соқтыруы мүмкін» [6].

4. Мүдделеріне қарсы әрекеттер жасалатын адамдардың ерекше тобы (отбасы мүшелері, туысқандар, достар, таныстар және т.б.). Аталған жағдайда жәбірленушінің еркінен тыс бұл іске мемлекеттің араласуы жоғарыда көрсетілген адамдар арасындағы қатынасқа нұқсан келтіруі және даудың одан әрі ушығуына әкеп соқтыруы мүмкін.

К.Ф.Гуценко, «жекеше қарастырылған бұл ерекшеліктердің әрқайсысы нақты қылмыстарға қатысты әртүрлі көрінуі мүмкін. Дегенмен, жиынтықталған бұл ерекшеліктер жеке айыптау тәртібімен қудаланылатын қылмыстарға толық сипаттама береді», - деп көрсеткен.

Тағы бір айта кететін мәселе, бұл өкінішке орай біздің қоғамымыздағы құқықтық мәдениет деңгейінің төмендігін мойындауға тура келеді. Адамдарда іс бойынша күрделі сот өндірісі үрей тудыртады. Олар өздерін қылмыстық іс жүргізудің субъектісі емес, объектісі ретінде сезінеді. Қылмыстан зардап шеккен жәбірленшіге келетін болсақ, олар басқаларымен салыстырғанда аз қорғалған адамдар тобына жатады. Жәбірленуші өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қажетті заң білімі қорлары төмен. Ал бұл егер ауырлығы онша емес қылмыстарды жеке айыптау тәртібімен қудаланылатын қылмыстар қатарына жатқызатын болсақ, онда жәбірленушілер көп жағдайларда қорғаусыз қалады дегенді білдіреді. Өйткені кінәліні қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы жәбірленушінің арызы болмаса, мемлекеттік органдар өз бастамасымен қылмыстық істі қозғау мүмкіндігінен айырылады. Ал жәбірленуші өз құқықтарын қорғау тәртібін білмегендіктен арыз жазып шағымданбауы мүмкін.

Сөйтіп, жеке айыптау тәртібімен қудаланылатын істердің шеңберін аса кеңейтудің қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз. Сәйкесінше қылмыстық іс жүргізудегі жариялылық қағидасының шектелу шегін анықтау қажет. Жеке айыптау тәртібімен азаматтардың заңмен қорғалатын субъективті құқықтарына қол сұғатын және төмен қоғамға қауіптілікпен ерекшеленетін қылмыстар қудалануы қажет. Бұдан басқа олар бойынша негізгі дәлелдеменің көзі ретінде қылмыс нәтижесінде зардап шеккен жәбірленуші болатындықтан, анықтау мен алдын ала тергеу жүргізбестен сотпен тиімді қарастыру мүмкін болатын қылмыстар ғана аталған санатқа жатқызылуы тиіс. Осыған сәйкес, жеке айыптау – мемлекеттік органдарға міндетті, қылмыстық іс қозғауда, айыпталушыны қылмыстық қудалауда, сотта айыптауды ұстануда жеке айыптаушыларға өздерінің еркін білдіруге мүмкіншілік беретін, арнайы құқықтық процедуралар шегіндегі қылмыстық-процессуалдық әрекеттің ерекше түрі

## ӘДЕБИЕТ

1. Кудрявцев В. Н. Что такое преступление. М., 1959. С. 8.
2. Кузнецова Н. Ф. Преступление и преступность. М, 1969. С. 60.
3. Шишов О. Ф. Преступление и административный проступок. М., 1967, С. 90
4. Маслов В.С. В защиту института частного обвинения в советском уголовном процессе // Вопросы государства и права: Материалы теоретической конференции по плановым работам, выполненным в 1963 г.; кандид. и доктор, диссертации. Свердловск, 1964. С. 138;
5. Мотовиловкер Я. О. Некоторые вопросы теории советского уголовного процесса в свете нового уголовно-процессуального законодательства. Кемерово, 1964. Ч. 2. С. 69.
6. Дорошков В. В. Частное обвинение: правовая теория и судебная практика. С. 30-31.